

Қазақстан Республикасының таулы ормандарында басты мақсатта пайдалану ағаш кесу ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 6 қаңтардағы N 22. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 14 ақпандағы N 141 қаулысымен

"Қазақстан Республикасының Орман кодексін күшіне енгізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 23 қаңтардағы N 1925-XII қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының таулы ормандарында басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесудің қоса беріліп отырған Ережелері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитеті Қазақстан Республикасының таулы ормандарында басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу Ережелерін ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындар мен ұйымдарға, мүдделі министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге, басқа да орталық және жергілікті атқарушы органдарға, орман иеленушілер мен орман пайдаланушыларға жеткізсін және олардың сақталуына қатаң бақылау жасасын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі